



**«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»  
халықаралық студенттік ғылыми-практикалық  
конференциясының  
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК  
международной студенческой научно-практической  
конференции  
«Педагогическая наука глазами студентов»**



Қостанай, 2019 ж.

Қостанай, 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

II 24

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ташетов Аманжол Асқарұлы**, ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы, PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ермаганбетова Акбота Жаналыковна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**II 24 ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН  
=ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ. – Қостанай,  
2019. - 157 б.**

**ISBN 978-601-7934-80-4**

«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

Жинаққа «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: магистранттар мен студенттер білім беру үрдісінің сапасын арттырудың, білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерін талқылады.

Осы жинақ студенттерге және магистранттарға арналған.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

## КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСҚАРУ ЖОЛДАРЫ

Сағындық Сапархан Дүйсенбайұлы  
ҚМПУ Педагогика және психология 4 курс студенті  
Утегенова Бибикуль Мазановна  
п.ғ.к., доцент  
Қостанай қ.  
bibi1960@mail.ru

### **Аннотация**

*Өзектілігі. Мақсаты. Мақалада колледждің бірінші курс студенттеріне оқу орнына бейімделуде педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету мәселелері қарастырылған. Қолдаудың жалпы сипаты ашылған. Оқу орнына бейімделудің факторлары бойынша зерттеу жұмысының мәліметтерін көрсетілген. Мақала авторлары осы факторлардың жағымды және жағымсыз негіздерін зерттеп, атап көрсеткен. Бірінші курс студенттерінің оқу орнына келіп оқуда психологиялық және әлеуметтік жағынан көретін қиыншылықтарын, олардың себеп-салдарын талдап, педагогикалық қолдаудың ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдерін сипаттаған. Мақалада студенттер кәсіби оқу орнының талаптарына бірден үйрене алмайтындығы сипатталған. Үйлесімді жолдармен бейімделу шарттары қарастырылған. Педагогикалық қолдау талаптарына авторлар оқу бағдарламасын жеке даму траекториясына байланысты жүзеге асыру жолдарын айқындап көрсеткен.*

### **Аннотация**

*Актуальность. Цель. В статье рассматриваются проблемы психолого-педагогической поддержки студентов первого курса в период их адаптации к обучению в педколледже. В статье уточнены понятия психологической и педагогической поддержки, основные условия использования поддержки для успешной адаптации студентов-первокурсников, приведены некоторые методики по исследованию проблемы адаптации студентов. В статье рассмотрены возможности учета индивидуально-психологических особенностей студентов первого курса при их адаптации к условиям высшего учебного заведения. В работе также даны характеристики ключевым понятиям адаптации студентов первого курса к получению профессионального образования с позиций психологической, педагогической и социальной поддержки. Так, к социальной позиции в поддержке студента первого курса отнесены следующие: приобретение иного статуса – студента, относительная свобода в выборе траектории обучения, расширение коммуникации и группового взаимодействия, нейтральная позиция преподавателей по отношению к студентам, образовательная среда и комфортность психологической атмосферы для успешной адаптации.*

### **Abstract**

*Relevance. Goal. The article is devoted to the problems of psycho-pedagogical support of freshmen in the period of their adaptation to training in teacher training University. In the article there are specified the notions of psychological and pedagogical support, basic conditions of using support for successful adaptation of freshmen, there are also given methods on research of problems of students' adaptation. The article deals with capabilities of taking into account individual psychological characteristics of freshmen in adaptation to conditions of higher education institution. In the work there are also shown the characteristics of key concepts of freshmen*

**Түйін сөздер:** колледж, студент жастар, оқу жағдайлары, әлеуметтік бейімделу.

**Ключевые слова:** колледж, студенческая молодежь, условия обучения, социальная адаптация.

**Keywords:** college, student youth, learning conditions, social adaptation.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай «білім-беру біздің дамуымыздың негізгі факторы. Білімді, сауатты халық- ХХІ ғасырдың адамзат тарихындағы дамудың негізгі қозғаушы күші. Қазір талантты, өз-өзіне сенімді, өз алдына мақсат қойған және осы мақсатты жүзеге асыратындерік-жігері бар адамдардың ғасыры. Біз жаңа ғасырдың талаптарына тез бейімделіп, қатаң бәсекелестікке дайын болуымыз керек. Жастар- жаңа идеяларға толы, болашақты ойлайтын ұрпақ»-деп қазіргі студент жастарымыздың болашағына үміт артты. Болашақ маманның кәсіби-білікті, тұғырлы азамат ретінде қалыптасуы, жеке тұлғалық дамуы, жоғары оқу орнындағы оқу процесінің алғашқы кезеңдеріндегі бейімделуімен байланысты.[1]

Қазіргі таңдағы соңғы зерттеулер көрсеткендей, студент жастар кез-келген оқу орнына түсу барысында, таңдаған оқу орнына сәйкес жаңа спецификалық факторлар кешеніне бейімделуі керек. Оған қоса, соңғы жылдардағы оқу іс-әрекеті мазмұны, талаптарының өзгергені соншалық, бейімделу механизмдері барлық қиыншылықтарға төтеп бере алмауда. Ал, ол өз кезегінде бейімделу процесінің әлсіреп нәтижесінде тоқтап, кейін түрлі салдарға әкелетіні әбден анық. Қазіргі оқу орнындағы, соның ішінде колледжде оқитын студент жастардың аса маңызды мәселелердің бірі, оқу орнына түскен студенттердің оқудың алғашқы кезеңдеріне бейімделу мәселесі болып отыр.[2].

Жеке адамның,яғни студент жастардың аралық қылықтың негізгі формалары және мінез бітістері тұрақтанады.

Қорытындысында,осы кезде колледж студенттерінің организмі оның биологиялық, психологиялық және әлеуметтік жақтарына әсер ететін өзгерістерден өтеді. Осы қырларды зерттеу, оқу арқылы студенттің сапасы мен мүмкіндігін және жасаралық жеке тұлғалық ерекшеліктерін аша аламыз.

Енді жаңа оқу орнының, колледждың табалдырығын аттаған студенттердің өмірі күрт өзгереді, яғни жатақханаға орналасу,пәндердің көбеюі, бағалау жүйесінің күрделенуі, жаңа достық қарым-қатынастардың құрылуы, жанұядан алшақтау, кәсіби мамандық таңдау, жанұялық өмірге дайындалу жалпы, алғанда студент бұрын соңды кездеспеген, өмірінде ешқандай болмаған мәселелермен кездеседі. Колледж қабырғасына түскен бірінші курс студенті өзінің өткен әлеуметтік ортасымен салыстырғанда мүлдем басқа, таныс емес ортаға түседі. Осындай өзгерістердің әсерінен адамда түрлі реакциялар туады: біреулер жаңашылдықты сәтті, басқалары қауіп, қорқынышпен қабылдайды. Бірақ, түрлі өзгерістерге қарамастан, әр адам өзінің мінез-құлықтық бейімделу механизмін және әлеуметтік бейімделуін өңдейді.[3]

Бейімделу (лат. Adapto- ыңғайлаймын, фр. adaptation- ыңғайлылық)- сыртқы ортаның жағдайына тұлғаның, әлеуметтік топтың ыңғайлануы.[4]

«Бейімделу»түсінігі бойынша мынадай анықтамалар анықталды.

1.Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға белсенді араласуы.

2.Бейімделу – бұл осы үрдістің нәтижесі. Бұл құрамдас бөліктердің бірлігі жеке тұлғаның мақсаты мен дұрыс бағдарына байланысты.

Тар мағынада біз бейімделуді өндіру үрдісі деп қарастырамыз, өз мүмкіндігіне қарай оқытушының көмегімен тұлғаның мақсатты түрде жүйеленуінің ұтымды тәртібі, оқудың жаңа бағытымен байланысты оның қызметінің құрылымын қалыптастырады.[5]

**Әлеуметтік бейімделу адамның әлеуметтенуінің қажетті шарты.** Ол өзіне, өзгелерге қарым-қатынасын, іс-әрекетін бейнелеп, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарға белсенді қатысып, осыған байланысты өзінің табиғи әлеуметтік жетілуін қамтамасыз етеді.Табиғат адамды әлеуметтік бейімделуге және әр түрлі өмірлік ортадағы әрекетіне

орай, әлеуметтік үдерістерге бейімделуін қалыптастырған. Ондай мүмкіндіктер әр адамның бойында бар және ол әр түрлі болады. Осыған байланысты адамдар әр түрлі жағдайларға, сонымен қатар өте күрделі және жағымсыз жағдайларға да бейімделе алады. Адамның әлеуметтік бейімделуінің көрсеткіші, оның сол ортаға қанағаттануы, өзін бейнелеуі және соған сәйкес тәжірибесінің қалыптасуы.

Әлеуметтік бейімделу-жеке адамның ортаға бейімделуі, барлығымен бірге болу. Балаға барлық бағытта көмектесу. Баланың әлеуметтік қалыптасуы мен дамуына жағдай тудыруға, оны әлеуметтік өмірге араластыруға және өз бетінше өмір сүре білуіне көмектесуге бағытталған.

Колледж жастарын әлеуметтік өзгерістерге бейімдеу, олардың қажеттіліктерінің негізінде жоспарланып, мынадай негізгі бөлімдерден құралады.

Студенттерді әлеуметтік ортаға бейімдеу бағытындағы іс-әрекеттерімізді саралай келе, төмендегідей нәтижелерге қол жеткіземіз:

– әрбір колледж студентіне жан-жақты қолдау болған кезде ғана өз-өзін құрметтей отырып, өз ісіне талдау жасап, өзінің жасаған іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайтын болады;

– студент өзінің жақсы жақтарын танып, өз бойындағы адами құндылықтарын оң қалыпты дәрежеде қалыптастырады.

– өзін жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол, басқаларға сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға болып қалыптасады [6].

Студенттердің оқу жағдайларына бейімделуі тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуі негізінде жаңа тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуымен, жаңа жағдайларға сай өсу динамикасының тепе-теңдігін сақтауымен байланыста қарастырылды.

Осы жерде дұрыс түсіну үшін «оқу» және «оқу әрекеті» түсініктерінің мән-мағынасын ажыратып алған жөн. Кейде бұл категориялар теңдестіріле қарастырылады. Іс жүзінде олай емес. «Оқу» түсінігі құбылысты білдіреді, ал «оқу әрекеті»- бұл процестің уақыт және кеңістікте дамуы, оның кезеңдерінің бірізді ауысып баруы.

Оқу әрекеті- шынайы болмыстағы қиын да күрделі процесс. Ол өз ішіне көптеген құрылымы, деңгейі әр текті және табиғаты бір-біріне ұқсамаған сан қилы байланыстары мен қатынастарын қамтиды. Сондықтан да «оқу әрекеті» түсінігіне толық және жан-жақты анықтама беру қиындау. Солай да болса, қазіргі педагогика ғылымында «оқу әрекеті» ұғымына орай келесідей анықтама қабылданған: «оқу әрекеті– бұл барысында білім беру, игеру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған оқытушы мен оқушы арасындағы мақсат бағдарлы өзара байланысты іс -әрекет».

Оқу әрекеті екі тарапты сипатқа ие. Оның құрамы өзара табиғи байланыстағы екі түрлі әрекеттен тұрады: оқыту –оқытушының оқу материалын меңгеруге орай ұйымдастыратын оқу-үйрету іс-әрекеттері және оқып үйрену – білім меңгеру мақсатындағы студенттің іс-әрекеттері. Бұл екеуі арасындағы байланыстырушы тетік – бірлікті іс-әрекеттерді жанамаластыратын оқу мазмұны.

Оқу әрекеті бірнеше қызметтерді – білімдендіру, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру және ұйымдастыру – атқарады. Бұлардың бәрі кешенді іске қосылады, алайда, тәжірибелік іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру, оқу міндеттерін тиімді жоспарлау үшін олардың әрбіреуін өз алдына қарастырған жөн.

Оқу әрекеті білімдендіру қызметі ең алдымен білім, ептілік, дағдыларды, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруға бағытталады [7].

Әлеуметтік бейімделу — бұл колледждегі білім беру ортасы мен оқу жағдайларын ұйымдастыру, студенттің оған деген қарым-қатынасының өзгерісі. Әлеуметтік бейімделу - адамның, әлеуметтік топтың және әлеуметтік ортадағы әлеуметтік өзара әрекеттесудің ішкі ортасының салыстырмалы тұрақтылығын сақтауға бағытталған қоршаған орта жағдайларына бейімделу негізінде жатқан колледж студенттерінің психологиялық және физиологиялық реакцияларының тіркесімі.

Колледжде бірінші курс студентінің бейімделуінің әлеуметтік деңгейі көптеген факторларды анықтайды:

- Студенттің тұлғалық ерекшелігі;
- Тұлғасы;
- Іскерлік қабілеттілігі мен тәртібі;
- Құндылықтары мен академиялық белсенділігі;
- Денсаулық жағдайы;
- Әлеуметтік ортасы;
- Отбасылық деңгейі;

Осы факторлар арқылы колледж студенттерінің бейімделу қабілетін, әлеуметтік ортаға бейімделуін және жаңа ортада өзін-өзі ұстау тәртібін, бейімделу деңгейін анықтап білуге болады [8].

Әр колледж студентінің бейімделу үрдісі әр түрлі жүреді. Еңбек стажы бар жас адамдар студенттік өмірмен тұрмысқа жеңіл және тез бейімделеді, ал кешегі оқушылар – колледждегі жұмыстарға жақсы бейім. Студенттік топтың міндеті – жалпы оптималды іс-әрекет үшін жағдай жасау.

Әдетте, барлық оқу орындарында бірінші курстықтарды оқу орны жағдайына бейімдеуге көмектесетін арнайы іс-шаралар жүйесі жоспарланады. Маңыздырақ іс-шаралар қатарына «Колледж студенттеріне арнау», «Мамандыққа кіріспе» курсының оқытылуы, алдыңғы қатарлы мұғалімдер мен бірінші курс колледжбілімалушы студенттерінің сөз сөйлеуі, бақылау, бағалау шаралары жатады».

Бірінші курс студенттерімен негізгі жұмыс міндеттерінің бірі – ол өз беттік жұмыстың рационализациялау мен оптимизациялаумен оларды таныстыру болып табылады.

Студенттердің өздік жұмысын семинар, практикалық және зертханалық сабақтары арқылы бақылайтын кейбір студенттер тарапынан сәйкес талаптарды орындаудан қашып және оған енжарлық танытулары да байқатады.

Мамандарды даярлаудың сапасын көтеру үшін үлкен резервтері студенттер білімін бақылауды жүзеге асыруды ашады. Емтихандық сессияларда үлгерімдікті бақылау жүйесі студенттердің тек сол кезде ғана дайындалып, кейіннен ұмытуға себепші болатын жағдай ғана. Студенттердің кітаппен жұмыс жасау, бүкіл семестр бойына жүйелі түрде дайындалмауы кездейсоқ емес.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абенова Е. Жас мұғалімдердің кәсіби бейімделуі // Қазақстан мектебі. - 2003. - № 9. – 44 б.
2. Абенова Е.А. Оқушыларының бейімделу проблемалары / Алматы. – Білім жолы. – 2004. – 130 б.
3. Бекмаханова К.Е. Проблема психологической адаптации студентов. –Алма-Ата, 1983. –23 с.
4. Большая Советская энциклопедия /под ред. А.М. Прохорова. –3-е издание. – М.: Советская энциклопедия, 1970. – Т. 1.– 640 с.
5. Налчаджян А.А. Социально-психическая адаптация личности (формы, механизмы и стратегии). – Ереван: Из-во АН Армянской ССР, 1988. – 262 с.
6. Шайхова М. Жастардың әлеуметтік–психологиялық бейімделу мәселелері / М.Шайхова // Ұлағат. – 2004. – № 1. – 49-51 б.
7. Жаманқұлов Н.Б. Студенттердің өздігінен білім алу біліктері мен дағдылырын қалыптастыру. Пед.ғыл.канд.дис. – Алматы, 2008.
8. Яковленко Л.Н. Адаптация первокурсников // Аспирант и соискатель. – 2003. – С. 116-120.

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

|                                                                                                                                                  |   |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
| Алғы сөз.....                                                                                                                                    | 3 |
| <i>Бережнова Е.В.</i> Система заданий по реализации принципа перехода от обучения к самообучению в профессиональной подготовке магистрантов..... | 4 |

### СЕКЦИЯ 1. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

|                                                                                                                                                                              |    |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>Амангельді Ф., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....                                    | 10 |
| <i>Әнуарбек Ә. Ж., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи сабақтарда белсенді оқыту стратегияларын пайдалану жолдары.....                                                          | 16 |
| <i>Бектаева Ә. Б., Утегенова Б. М.</i> Мектепте топтық жұмысты ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық шарттары.....                                                     | 21 |
| <i>Едрес Т. Н., Ермаганбетова А. Ж.</i> «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студенттердің ғылыми ізденістеріндегі педагогикадағы өзекті мәселелер..... | 25 |
| <i>Жаппар А. С., Хамзина К. Б.</i> Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы.....                                                                                      | 28 |
| <i>Қуаныш А., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін педагогика сабақтарында қалыптастыру жолдары.....                                           | 31 |
| <i>Макатова А., Қалиев Д. Д.</i> Балаларды әлеуметтендіру мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (акт).....                                    | 35 |
| <i>Нұркелді П., Аканбаев Б. Н.</i> Ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары.....                           | 39 |
| <i>Сағындық С. Д., Утегенова Б. М.</i> колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін педагогикалық басқару жолдары.....                                                      | 43 |
| <i>Сартаев Р., Қалиев Д. Д.</i> Оқушылардың бос уақытын шығармашылыққа пайдалану.....                                                                                        | 47 |
| <i>Сулейменова Г. А., Хамзина К. Б.</i> Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі.....                                              | 50 |

### СЕКЦИЯ 2. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

|                                                                                                                                                        |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>Жаналинова С. А., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру: назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесінен.....     | 54 |
| <i>Қайырғали Н., Қалиев Д. Д.</i> «Өз бағытынды тап» бағдарламасы кәсіби бағдарлаудың формасы ретінде.....                                             | 57 |
| <i>Қуанышбекова Н., Утегенова Б. М.</i> «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау.....  | 60 |
| <i>Нуржигитова М. Қ., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттеріне патриоттыққа тәрбиелеуде “Туған жер” атты ұлттық бағдарламаның іске асыру жолдары..... | 65 |
| <i>Сәбитбек Ж., Шалгимбекова А. Б.</i> Отбасы – әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты.....                                                       | 70 |

Умарова Г. С., Жоломанова М. Қ., Хамзина К. Б. Бүгінгі жастардың отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр мектебін сақтау мәселелері..... 76

### СЕКЦИЯ 3. «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ В СТУДЕНЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ»

|                                                                                                                                                                |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Абдрахманова А.Б., Басанова Ж. М., Иванова Е. Н.</i> Тематический классный час как одна из эффективных форм реализации программы воспитания школьников..... | 79  |
| <i>Ажмолдаева М. Д., Иванова Е. Н.</i> Некоторые направления работы социального педагога с семьей, воспитывающей «особого ребенка».....                        | 83  |
| <i>Алимгасинова Г., Лантух Я., Заяц М., Мнайдарова С.С.</i> Портфолио учителя как показатель роста профессиональной компетентности.....                        | 88  |
| <i>Вайленко М. Е., Дзыгало М. А., Бондарь Л. А., Мнайдарова С.С.</i> Технологический подход в обучении.....                                                    | 94  |
| <i>Вишняк В. В., Иванова Е. Н.</i> Взаимодействие семьи и школы в формировании активной педагогической позиции родителей.....                                  | 100 |
| <i>Вишняк В.В., Горбачёва О.С., Мнайдарова С.С.</i> Модель образовательной системы в контексте компетентного подхода к образованию.....                        | 103 |
| <i>Горбачёва О. С., Иванова Е. Н.</i> Некоторые формы реализации направлений воспитания по формированию системы ценностей старших школьников.....              | 109 |
| <i>Дордый И. О., Кияшко И. А., Молокова А. А., Мнайдарова С.С.</i> Роль лидерства в педагогическом менеджменте.....                                            | 113 |
| <i>Жуматова Д. С., Бекенова А. К.</i> Применение информационных технологий как средства интенсификации процесса обучения в вузе.....                           | 120 |
| <i>Жусупбекова Г., Медведок С., Кулагина С., Мнайдарова С.С.</i> Конфликт как явление и феномен социальной сферы жизнедеятельности человека.....               | 126 |
| <i>Идрисова А. М., Бекенова А. К.</i> Актуальные проблемы педагогики в студенческих исследованиях.....                                                         | 136 |
| <i>Маусынбаева Д. С., Амединова Ж. О., Мнайдарова С.С.</i> Роль молодежных общественных организаций в казахстане.....                                          | 139 |
| <i>Моркель Е. А., Равинская В. А., Фирсова П. А., Мнайдарова С.С.</i> Управление инновациями в современной школе.....                                          | 141 |
| <i>Швецов А, С., Самохина И. А., Мнайдарова С.С.</i> Особенности экологического воспитания студентов.....                                                      | 146 |
| Конференция тұжырымдамасы.....                                                                                                                                 | 151 |
| Резолюция конференции.....                                                                                                                                     | 153 |